



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# КӨПШІЛІКТІҢ ТАҢДАУЫ - ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ

Сөзін жазғандар: Жұмалиев Нұрғали, Мұратов Нұрғали  
Әнін жазған: Шығалы Қалиев

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліміз қараңшы!  
Сиялаған ер деген,  
Даламыз шырты гой,  
Нанымын бермеген,  
Қазағым мықты гой!


Қайырмасы:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлім болып өгітсем,  
Жырың болып тағлымын, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар,  
Еріктің қарсаңын,  
Туғаным елім бар,  
Қарсы алған ұяңды,  
Менуіміз досымдай,  
Біздең ел барықты,  
Біздең ел осындай!

Қайырмасы:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлім болып өгітсем,  
Жырың болып тағлымын, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Конституция – әрбір елдің құқықтық құрылымын қалыптастыратын, мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуына заңдық кепілдік беретін, азаматтардың құқығы мен бостандығының мінсіз қорғалуына негіз қалайтын басты құжат. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияға заман талабына сай бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

(Жалғасы 3-бетте)



5-БЕТ

Донорлық  
өшуге айналған  
үмітті үрлейді



6-БЕТ

Заң  
мен  
тәртіп:  
қарапайым  
азамат  
нені  
білуі  
керек?



8-БЕТ

Азаматтардың  
2,8 млрд теңгесі  
қайтарылды

## ПАРАЛИМПИАДА – 2026

# ЕРБОЛ ХАМИТОВ – ҚОС МЕДАЛЬДІҢ ИЕСІ

Италияда 6-15 наурыз күндері XIV Қысқы Паралимпиада ойындары өтті. Онда Қазақстан құрамасы қоржынына бұл байрақты бәсеке тарихындағы екінші алтын медаль түсті. Паралимпиада ойындарының 50 жылдығымен тұспа тұс келген бұл жарыс Қазақстан үшін сәтті аяқталды. Ел құрамасының ту ұстаушысы Ербол Хамитов парашаңғы жарысынан қола жүлдегер, ал парабиаатлоннан 4,5 км қашықтықтағы із қуу дисциплинасында жеңімпаз атанып, Қазақстанның жалпы командалық есепте 18-орынға көтерілуіне себепкер болды.

Ербол Хамитов бұған дейін парабиаатлон мен парашаңғы жарысынан Әлем чемпионаттарының жүлдегері және бірнеше мәрте Әлем кубогы кезеңдерінің жеңімпазы атанған.

Атап айтқанда Қазақстан тарихында 2022–2023 жылғы маусымда парашаңғы жарысынан Әлем чемпионы атанған алғашқы спортшы. Ол 2024–2025 жылғы маусымда парабиаатлоннан Әлем кубогының жалпы есебінде жеңіске жетіп, 31 жылдан кейін Қазақстанға Хрусталь глобусты қайта әкелді. Енді міне Паралимпиада ойындарының қаһарманына айналып отыр.


Е.Хамитовтың тарихи жеңістерінің нәтижесінде Қазақстан Орталық Азиядағы Қысқы Паралимпиада ойындарында жүлде алған жалғыз мемлекет атанды. Сондай-ақ Азия құрлығында үздік үштікті түйіндеді. Онда Қытай құрамасы 15 алтын, 13 күміс, 16 қола жүлдемен жалпы командалық есепте әлем бойынша бірінші орын алды. Ал Корея құрамасы 2 алтын, 4 күміс, 1 қола жүлдемен – 13 орын алса, Жа-

пония 3 күміс, 1 қоламен 19-орыннан көрінді.

Жеңімпазды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы құттықтады. Онда спортшының табанды еңбек пен ерік-жігерінің арқасында қиын жолды енсеріп, керемет жетістікке қол жеткізгені, шынайы құрметке лайық іс екенін атап өтті.

Жалпы, XIV Қысқы Паралимпиада ойындарына 55 елден келген 512 спортшы қатысқан болатын. Олар следж-хоккейден – 1, арбадағы кёрлингтен – 2, пара-сноубордтан – 8, биатлоннан – 18, шаңғы жарысынан – 20, таушаңғысы спортшынан – 30 медальдар жиынтығын өзара сарапқа салып, тек 27 елдің спортшылары ғана жүлдеге ие болды. Онда арбамен аралас жұптық кёрлинг – осы ойындарда алғаш рет өткізілді.

Қысқы Паралимпиадада Қазақстан намысын шаңғы жарысы мен парабиаатлоннан 7 спортшы қорғаған болатын. Олар: Ербол Хамитов, Александр Герлиц, Сергей Усольцев, Юрий Березин, Нурлан Алимов, Владислав Кобаль және Анна



Грачёва. 17 жастағы Владислав Кобаль құраманың ең жас, ал 51-дегі Сергей Усольцев ең егде спортшы болды. Онда спорт мамандары Ербол Хамитовпен қатар Александр Герлицке де үміт артқан болатын. Ол 2018 жылғы Пхёнчхан Паралимпиадасында парашаңғы жарысынан үздік төрттіктің қатарынан табылып, 2022 жылғы Бейжің Паралимпиадада парабиаатлоннан қола

жүлдегер атанған еді. Алайда оған бұл жолы сәттілік жолдас болмады. Оның есесіне бағы мен бабы қатар шапқан Ербол Хамитов бүкіл жанкүйерді қуантып, ұлттық құраманың абыройын сақтап қалды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## АЛТЫН КӨШІР

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ:  
ӨЗАРА ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ  
ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР

Орталық Азия және Қытай геосаяси тұрғыдан аса маңызды аймақта орналасқан. Бұл өңір ірі державалар мен аймақтық серіктестердің экономикалық, көлік және саяси мүдделері тоғысатын кеңістікке айналуға мүмкіндік береді. Мұндағы стратегиялық әріптестік тек географиямен ғана емес, ортақ тарихи негізбен, ұқсас әлеуметтік-экономикалық міндеттермен және жаһандық өзгерістер кезеңінде интеграцияны тереңдетуге деген ұмтылыспен айқындалады.



Орталық Азия бренд және стратегиялық маңызға ие. Бірінші, оның геосаяси орналасуы. Өңір Ресей, Қытай, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия арасындағы маңызды кеңістікте орналасқан. Ол негізгі көлік дәліздерінің торабында тұр, соның ішінде Ұлы Жібек жолының бағыттары да осы аймақ арқылы өтеді. Қауіпсіздік мәселелері көші-қон ағындары, терроризм және сыртқы державалардың ықпалы сияқты тәуекелдермен тығыз байланысты.

Екінші, табиғи ресурстары. Орталық Азия мұнай, газ, уран секілді энергетикалық және критикалық минералдардың ресурстарына бай. Қазақстан уран экспорттаушы жетекші мемлекеттердің бірі, әрі ірі мұнай өндіруші ел ретінде бүкіл өңірдің энергетикалық стратегиясына ықпал етеді.

Өңір ішіндегі стратегиялық әріптестік: интеграциялық үдерістер мен аймақтық бастамаларды қолдау ерекше маңызға ие. Экономикалық ынтымақтастық энергетика, инфрақұрылым және агроөнеркәсіп саласындағы бірлескен жобалар арқылы дамуға. Көлік және логистика бағытында теміржолдар мен халықаралық дәліздерді жаңғырту жаңа нарықтарға шығуға көмектеседі. Электр энергиясы мен су ресурстарымен алмасу орнықты дамудың негізгі шарттарының бірі болып

отыр. Соңғы жылдары аймақ елдері екіжақты және көпжақты байланыстарды белсенді дамытуда. Атап айтқанда, БҰҰ Бас Ассамблеясының 2025 жылғы 4 наурыздағы қарарына сәйкес, БҰҰ-ның Алматыдағы Аймақтық хабы, БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстандағы орнықты даму мақсаттарының Аймақтық орталығы белсенді дамып келеді. Қазақстан экономикалық және саяси тұрғыдан аймақтық кооперацияның негізгі қозғаушы күшінің бірі ретінде көрініп отыр.

Өзара трансформация. Экономика және әлеуметтік үдерістер, экономиканы әртараптандыру – өңір елдерінің барлығы үшін басты басымдық. Қазақстан өзінің ресурстық әлеуетін өңдеуші өнеркәсіпті, транзиттік мүмкіндіктерді және жоғары технологияларды дамытуға бағыттауда. Өзбекстан инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында ауқымды реформалар жүргізуде. Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан энергетика мен ауыл шаруашылығы, туризм салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуда. Әлеуметтік трансформация да айқын байқалады. Өңір ішіндегі көші-қон байланыстары еңбек нарығына әсер етуде, ауылдық жерлерден қалаларға жұмыс күші ауысуға. Ғылыми, білім беру және мәдени

алмасулардың жаңаруы ортақ коммуникациялық алаң қалыптастыруда.

Жаһандық трендтердің ықпалы. Ірі ойыншылармен экономикалық интеграция ерекше рөл атқарады. Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы көлік-логистикалық байланыстарды күшейтті. Қытай инвестициялары аймақтық экономикаларды жаңғыртудың маңызды факторына айналды. Ресеймен тарихи, экономикалық және әлеуметтік байланыстар берік сақталуда. Өңір елдері Еуразиялық экономикалық одақ және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында өзара іс-қимыл жасауда. Сонымен қатар Еуропалық Одақ, АҚШ және Парсы шығанағы елдері энергетика мен сауда салаларында экономикалық қатысуын кеңейтуде.

Болашақ перспективалар. Өңірлік интеграцияны күшейту – басты міндеттің бірі. Энергетика, логистика, цифрлық экономика және білім беру саласындағы күш-жігерді біріктіру синергетикалық нәтиже береді. Орнықты даму басымдықтың артуы – «жаңа» экономикаға көшу, тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту және энергияға тиімді технологияларды өңдеу арқылы жүзеге асады. Қазақстан өзінің экономикалық әлеуеті мен белсенді сыртқы саясатының арқасында өңірлік транзит пен кооперацияның орталығына айналу мүмкіндігіне ие.

Қазақстан мен Орталық Азия елдері жаһандық трендтер мен ұлттық стратегиялық міндеттердің тоғысқан кезеңінде тұр. Біздің әріптестігіміз – бұл тек экономикалық байланыстар ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік, орнықты даму және халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастықты талап ететін ортақ жауапкершілік. Бұл үдерістің табысты болуы өңір мемлекеттерінің әлемдік экономиканың өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілетіне және сыртқы серіктестермен ұлттық тәуелсіздікке нұқсан келтірмей теңгерімді қатынастар орната білуіне байланысты.

**Алмаша АРЕНОВА,**  
**Сыртқы істер министрлігінің**  
**Алматы қаласындағы өкілдігінің**  
**Саяси ынтымақтастық**  
**басқармасының басшысы**

## СОТТАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Биыл Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл. Бұл – уақыт өлшемімен алғанда үлкен бір кезең, мазмұны жағынан алғанда отандық сот жүйесінің қалыптасуымен, нығаюымен және кемелденуімен тікелей сабақтас жылдар.

АРДАГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕСІ –  
ЖАС БУЫНҒА ҮЛГІ

Судьялар одағы Қазақстанның сот жүйесін нығайтуға, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін қорғауға, кәсіби бірлік пен әдеп қағидаттарын орнықтыруға бағытталған маңызды қадам болды. Осы уақыт аралығында Одақ судьялардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың, кәсіби пікір алмасудың, тәжірибе бөлісудің және өзара қолдаудың тиімді алаңына айналды. Судьялар одағы – бұл тек қоғамдық ұйым емес, әділдіктің, адалдықтың, заң үстемдігіне беріктіктің, кәсіби жауапкершіліктің символы. Оның қызметі сот төрелігінің сапасын арттыруға, судья әдебін нығайтуға, қоғамның сотқа деген сенімін күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстармен өлшенеді.

Осы ретте ардагер судьялардың орны ерекше. Ардагерлер еліміздің сот жүйесінің іргетасын қалап, өтпелі кезеңде құқық үстемдігін сақтап қалды. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезінде сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету, заңдылықты орнықтыру, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап етті. Сол сындарлы кезеңдерден абыроймен өткен ардагерлердің тәжірибесі мен өмірлік ұстанымы бүгінгі жас судьялар үшін баға жетпес мектеп.

Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы өңірдегі сот қауымдастығының бірлігін нығайтуға, кәсіби дамуға қолдау көрсетуге және ардагерлермен тығыз байланысты сақтауға басымдық беріп келеді. Басты мақсат – сабақтастықты жалғастыру, жас буынға бағыт-бағдар беру және судья мәртебесінің биіктігін сақтап қалу. Қызылорда өңірінің сот жүйесі де өзіндік қалыптасу жолынан өтті. Бүгінгі таңда сол дәстүрді жалғастырып, заман талабына сай жаңғыру үдерістеріне белсенді қатысып келеміз. Осы орайда, Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толуына орай, 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп,

бекітілді. Аталған жоспар мерейтойлық шаралармен шектелмей, филиал қызметін жүйелі түрде дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама болып табылады.

Жоспар аясында ардагер судьялардың қатысуымен кездесу, дөңгелек үстел, талқылау алаңдарын, спорттық шаралар, бейнеролик түсірілімдерін, форум, презентация өткізу көзделіп отыр. Мұнда сот тәжірибесінің өзекті мәселелері талқыланып, жас судьяларға кәсіби және адами құндылықтар тұрғысынан бағыт-бағдар беріледі. Барлық шараларды ақпараттық жағынан сүйемелдеп, БАҚ-пен де жұмыс жасау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жас судьялар, зангерлер және студенттермен кездесулер өткізіліп, сот жүйесіндегі цифрландыру мәселелерін талқылау көзделіп отыр. Әлеуметтік қолдау бағамы назарда. Ардагер судьяларға құрмет көрсету, олардың еңбегін насихаттау, мерейтой иелерін марапаттау – біздің азаматтық борышымыз.

Одақтың мерейтойын атап өту – Судьялар одағы қалыптастырған кәсіби құндылықтарға құрмет білдіру, сот жүйесінің қалыптасу жолына тағзым жасау және судьялар қауымдастығының бірлігін нығайту үшін қажет қадам. Мұндай шаралар өткенді саралап, жетістіктерді бағамдауға, ардагерлер еңбегін ұлықтауға және жас буынға тағлым беруге жол ашады. Сонымен қатар, судья мәртебесін айқындап, сот тәуелсіздігі мен заң үстемдігі қағидаттарына деген адалдықты бекіте түсетін маңызды рухани әрі кәсіби оқиға.

Отыз жылдық тарихы бар Судьялар одағы алдағы уақытта да судьялардың тәуелсіздігін қорғау, кәсіби бірлікті нығайту және сот жүйесінің дамуына үлес қосу миссиясын абыроймен жалғастыра беретініне сенім мол.

**Б.ЕЛШІБЕКОВ,**  
**ҚР Судьялар одағы**  
**Қызылорда облысы бойынша**  
**филиалының төрағасы**

## АЛАҢЖҰРТ

ПЕДОФИЛИЯ -  
ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС

Қазақстанда күн өткен сайын педофилия мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Қазір әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдарында балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық фактілерінен көз сүрінеді. Көмелет жасқа толмағандарға қатысты жасалатын жыныстық әрекеттердің көбісі ата-анасының баласына тиісті деңгейде көңіл бөлмеуінен орын алуға.

Атап айтқанда, балалардың көшеде жалғыз не қараусыз жүруі, мектептен жалғыз келе жатқанда, жеке тұрғын үйдің ауласында, кездейсоқ таныстық немесе әлеуметтік желі арқылы танысу нәтижесінде орын алады. Аталған жағдайларға қысқаша шолып өтсек, интернет арқылы танысу барысында жасөспірімдердің бір-біріне интимдік сипаттағы мәліметтермен бөлісуді сұрап, сонынан қорқыту арқылы суреттер мен бейнежазбалар жіберуге азғыратын жағдайлар да аз емес. Ең өкініштісі мұндай қылмыстарды жақын туыстары жасап жатады. Мәселен, өгей әкесі, ағасы, нағашы, жиен, жездесі секілді сенімді адамдар жасайды.

Алайда, ұят болады деп қылмысты жасыруға тырысып, тергеп-тексеру амалдарын жүргізуден бас тартып, жылы жауып қоюға ынталы жандар аз емес. Ата-ананың бұл әрекеті баланың моральдық жағдайын ойлағаны қылмыскерге тиімді болатынын естен шығармау керек. Әрі «ауру қалса да, әдет қалмайды» демекші, қылмыскер ол әрекетін қайталап жасамасына кепілдік жоқ. Сондықтан, ата-ана өз балаларымен сырласу арқылы жыныстық зорлық-зомбылық фактілерінің алдын

алу мақсатында ескеруі әлі білуі тиіс жағдайларға назар аударса, яғни, балаға беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, танымайтын адамдармен әңгімелеспеу, онымен қараңғы, оңаша жерге бармау, жалғыз қалғанда бөтен адамды үйге кіргізбеу, оқыс жағдайда полицияға хабарлау сияқты сақтық шараларын үйретіп, қауіпті жағдайлардың алдын алуы керек.

Көмелет жасқа толмағандармен жыныстық қатынас жасау оқиғасы бойынша Қазақстанда көптеген шулы сот процесі өтеді. Жәбірленуші тараптың кейбірі сотталушыны кешір-

мейтінін көрсетіп, оған қатысты қатаң жаза тағайындауды сұраса, кейбірі сотталушыға кешірім беріп жазадан босатуды сұрап жатады. Ал, кешірім бермейтін, кешірім берілмейтін жағдай педофилдерге қатысты.

Педофилия – айықпас дерт. Ал моральдық тұрғыдан келгенде азғындық. Ауру деп мүсіркеуге жатпайтын педофилия – қоғам үшін қауіпті құбылыс. Бүгінде педофилдерге қатысты жаза қатаңдатылып, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерді жасаған сотталушыға қатысты өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Осыған байланысты, әркім өзінің бостандығын жоғары бағаласа, өзгенің өміріне қауіп төндірмеуді ойласа, қоғамда тәртіп орнайтыны хақ.

Балалардың өмір сапасын жақсарту – болашақтың кепілі. Сондықтан да балалар құқығын қорғау мәселесі қашанда маңызды әрі өзекті болып қалады.

**Ғ.КУЛДАСОВ,**  
**Түркістан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**



## ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЕЛ ДАМУЫНА  
КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ

Сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің басты тірегінің бірі. Оның негізгі міндеті – азаматтардың құқығын қорғау, заңның орындалуын қамтамасыз ету және қоғамдағы дауларды әділ шешу. Сондықтан сот қызметкерлері мен судьялардың жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы және заң талаптарын қатаң сақтауы маңызды.

Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық көріністері кездесуі мүмкін. Бұл көбінесе пара беру, қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану немесе жеке мүдделерді қорғаудан байқалады. Мұндай жағдайлар сот шешімдерінің әділдігіне күмән туғызады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тәртіптің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Сот жүйесіндегі жемқорлықтың негізгі себептерінің бірі – бақылау мен ашықтықтың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар кейбір адамдардың құқықтық мәдениетінің төмендігі де бұл мәселеге әсер етеді. Кейбір азаматтар өз мәселесін заңды жолмен шешудің орнына, пара беру арқылы жылдам нәтижеге жетуге тырысады. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділетсіздікті күшейтеді.

Соңғы жылдары сот жүйесін жетілдіру және оның ашықтығын арттыру мақсатында көптеген реформалар жүргізілуде. Сот процестерін цифрландыру, электрондық сот жүйесін енгізу, сот отырыстарының ашықтығын қамтамасыз ету сияқты шаралар осы бағыттағы маңызды қадамдар болып саналады. Мұндай жаңашылдықтар адами факторды азайтып, сот жүйесіндегі жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету де үлкен рөл атқарады. Судьялар тек заңға бағынып, ешқандай қысымсыз шешім қабылдауы тиіс. Егер судьялар әділ әрі тәуелсіз жұмыс істесе, қоғамда заң үстемдігі нығайып, азаматтардың мемлекетке деген сенімі артады.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, алдын алу және болдырмау мақсатында Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының дамуына жол ашады. Атап айтқанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының талаптарын қатаң сақтап, сот қызметкерлері іске қатысушыларға құқықтық насихат-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Сот қызметкерлері арасында жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықты болдырмау үшін семинарлар мен дәрістер өткізіліп тұрады. Сондай-ақ тараптармен іс бойынша процестен тыс қарым-қатынасқа түсуге жол бермеу бағытындағы шаралар жүзеге асырылуда.

**Жанна МОЛДАШЕВА,**  
**Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған**  
**ауданаралық экономикалық сотының бас маманы**

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# КӨПШІЛІКТІҢ ТАҢДАУЫ - ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ, бүгін бір елдің заңдық қорғаны болып отырған құжатқа қайта-қайта өзгеріс енгізу халықтың сенімін төмендетеді. Бұл Ата Заңның беделін түсіріп, пәрменін кемітеді. Осыған орай соңғы жылдары жаңа Конституция дайындаудың уақыты келгені жиі айтылып жүрген еді. «Халық қаласа, хан түйесін сояды», – демекші, көпшіліктің пікірі мен қалауын ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституция жобасын дайындауға тапсырма берген болатын. Еліміздің мықты заңгерлері мен ғалымдары, қоғам қайраткерлері біріге отырып дайындаған Ата Заң жобасында әлемнің даму үрдісі басты назарда ұсталып, мемлекеттің тыныштығы мен тұрақтылығына негіз болар алғышарттар толық қамтылды.

Жаңа Конституция жобасы ең қызу пікірталас тудырған, ең көп пікір айтылған құжат болды десек қателеспейміз. Жоба таныстырылған кезден бері реформаға қатысты азаматтардан 10 мыңнан астам ұсыныс түскен. Соның нәтижесінде Ата Заңның барлық бөлімін қамтитын 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, мәтіннің 84 пайызы жаңартылған. Талқының ашық жүргізілгеніне көпшілік куә. Азаматтардың жобаға қатысты ұсыныстары е-Otinish және eGov цифрлық платформалары арқылы қабылданып, айтылған ұсыныстар мемлекеттік басқару жүйесінің орнықтылығын нығайтуға, билік институттарының өкілеттіктері мен жауапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ елдің стратегиялық басымдықтары ретінде адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға қатысты тетіктерді барынша жетілдіруге көмектесті.

Азаматтардың белсенділігі күні кеше өткен референдум кезінде де байқалды. Орталық референдум комиссиясы 15 наурыз күні сағат кешкі 20.00-ге дейін дауыс беру уәкелдеріне еліміздің 9 127 000 азаматы келіп, таңдауын жасаған. Бұл тізімге енгізілген азаматтардың 73,12% құрайды.

Конституцияға дауыс беру – әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Халықтың осы жауаптылығы сезініп, референдумға баруы құқықтық сауатының өскенін, азаматтық белсенділігінің артқанын дәлелдейді. Әрі бұл шара талқыдағы Конституцияның көпшілік көңілінен шыққанын да



Руслан МАЙРИХОВ,  
Алматы қаласы Әуезов аудандық №2 соты  
әкімшісінің басшысы

көрсетті. Exit poll зерттеу орталығының сауалнама нәтижесі де сөзімізге нақты айғақ бола алады. Осы сауалнамаға сүйенсек, қазақстандықтардың 87,15%-ы референдумда жаңа Конституцияны қолдап дауыс берген. Сауалнама еліміздің бүкіл өңіріндегі 200 учаскеде жүргізілген.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум барысында жүргізілген экзит-полл қорытындысымен танысқан соң, «Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістігі», – деді.

Көпшіліктің қалауымен қабылданған Конституция ел іргесін берік етіп, ел бірлігін нығайтуға негіз қалайды деп сенеміз.

## ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

### АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ ӘРҚИЛЫ

Тұтынушы сұранысын қамтамасыз етуде аймақтық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары әлі күнге дейін өз әлеуетін пайдалана алмай жүр. Біз өзге тұрмақ, өз еліміздің ішінде оңтүстіктегі ерте пісетін көкөніс пен бақша дақылдарын өзге өңірлерге уақытылы жеткізіп, өңірлер арасындағы баға айырмашылығын азайтуда дәрменсізбіз.



Көкөніс пен жеміс-жидек қоймаларының аздығынан еліміздің импорттық өнімдерге тәуелділіктен арыла алмауына әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының өз жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыра алмауы айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Өнімді жинап, сорттап, сақтайтын қоймалардың тапшылығынан шаруалар егіс басында делдалдарға арзанға сатуға мәжбүр. Сондықтан өңдеу өнеркәсібі де тиісті деңгейде дамыауда. Оны Мемлекет басшысы былтыр қараша айында өткен ауыл әкімдерінің диалог-платформасында көтеріп, оларға ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге айрықша мән беруді тапсырды.

Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша елімізде ауылдық жерлердің бірнеше түрі бар. Олардың игерілуі және ауыл шаруашылығында пайдаланылу

сипаты, даму әлеуеті мен шектеулері әртүрлі.

Бірінші типке – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде жоғары және ауыл экономикасы полифункционалды, ауыл шаруашылығы қала маңы үлгісіндегі және ауылдық жерді дамытудың әлеуметтік жағдайлары қолайлы өңірлер (Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары) кіреді.

Екінші типке – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде төмен және ауылдық жерлер негізінен егіншілікке маманданған, табиғи және әлеуметтік даму жағдайлары қолайлы өңірлер (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары) еніп отыр.

Үшінші типке – халық тығыздығы төмен және ауыл шаруашылығын жүргізу үшін табиғаты қолайсыздау өңірлер (Абай, Ұлытау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары) кіреді.

Төртінші тип – ауылдық жерлерді дамытуда игерілуі әлсіз және оны дамыту үшін табиғаты қолайсыз өңірлер (Атырау және Маңғыстау облыстары) жатады.

Бұл ретте кейбір жекелеген өңірлерде бір облыстың ішінде ауылдық жерлердің бірнеше түрі болуы мүмкін екенін де айта кеткен жөн шығар. Сол себепті әрбір облыс пен аудандағы ауыл әкімдерінің кәсіпкерлікті дамытудағы қызметіне қойылатын талап әрқилы.

Агрөнеркәсіп кешенінің 2025 жылғы даму қорытындылары мен 2026 жылға арналған міндеттері бойынша өткен кеңейтілген алқа отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Мемлекет басшысы қайта өңдеу үлесін биыл 70 пайызға дейін жеткізу жөнінде стратегиялық міндет қойғанын айтты. Былтыр негізгі өнім түрлері (ет, сүт, майлы дақылдар, жүгері, күріш, қарақұмық) бойынша қайта өңдеу үлесі 64 пайызға жеткен. Биыл ол 70 пайызға жеткізілмек.

Соңғы жылдары Орталық Азияның логистикалық орталығына айналуға Өзбекстан да ерекше мән беріп отыр. Өйткені кенестік дәуірде ондағы қоймалар түгелдей дерлік Ташкент қаласының айналасына шоғырланған болатын. Қазіргі таңда көршілес бұл ел қойма көлемі жағынан Қазақстаннан екі еседен астам арта қалып қойғанымен, бұл бағытта алдына үлкен мақсаттар қойып, инвестициялық тартымдылығын арттыруда. Сол себепті Қазақстан Орталық Азия-Ресей, Орталық Азия-Еуропа, Қытай-Еуропа бағытындағы транзиттік көлік дәлізі қызметін дамытуда Орталық Азия ғана емес, құрлықтық деңгейдегі ірі логистикалық орталыққа айналу туралы стратегиялық мақсатын табандылықпен жүзеге асыруы тиіс.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

## ІШКІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өнім сақтайтын қоймалардың алатын орны өте зор. Оның саны мен сапасы қазір салаға (азық-түлік, өндіріс) және инфрақұрылымға байланысты өр өңірде өртүрлі. Мысалы, IBC Global мәліметтері бойынша, Қазақстанда былтыр жалпы қойма ғимараттарының көлемі 2,2 млн шаршы метрді құрады.

### ӨНІМНІҢ ПАЙДАСЫН ӨНДІРУШІ КӨРУІ КЕРЕК

Оның 60 пайызы Алматы қаласы мен Алматы облысы (990 мың шаршы метр) аумағында шоғырланған. Одан кейінгі орында Астана (272 мың шаршы метр) мен Шымкент (106 мың шаршы метр) орналасқан. Қазақстан қойма ғимараттарының көлемі бойынша қазір Орталық Азияда бірінші орында тұр. Алайда сан мен сапа арасында әлі де алшақтық өте жоғары. Ондағы негізгі көрсеткіш азық-түлік пен фармацевтикалық өнімдер үшін мұздатқыш пертуралдық және мұздатқыш қоймалардың тапшылығында болып отыр. IBC Global бағалауы бойынша, «суық/аяз» температуралық жүйесіндегі қоймалардың көлемі жалпы нарықтың 5 пайызын немесе 114,52 мың шаршы метрін ғана құрауда. Яғни, азық-түлік қоймалары үшін салқындатқыш камералар мен эрбір өнім түрлері бойынша арнайы орындардың болуы маңызды. Мұнда өнімді сақтау – көкөніс қоймаларын салу және жаңғырту жөніндегі кешенді жоспарды орындау арқылы жүзеге асырылады. Осыған қарамастан бағаның көтерілуін күтіп жүріп көктемде жарамсыз боп қалған картоп, пияз, сөбізін полигондарға төккен кәсіпкерлерге қатысты оқиғалар әлі жойылмай отыр. Сон-

дықтан барлық технологиялық талапқа сәйкес келетін сақтау қоймалары дамытып, логистикалық орталықтар құру мәселесі бізде әзірге күн тәртібінен түспейді. Оған Атырау облысында ақпан айында іске қосылған «ITC WEST» логистикалық орталығы мысал бола алады. Ол тек Атырау облысы ғана емес, бүкіл батыс Қазақстандағы ірі және қазіргі технологиялық деңгейдегі алғашқы нысан саналады. Аймақтағы ауыл шаруашылығы логистикасын дамытып, негізгі азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға бағытталған логистикалық орталықтың бастышы Бауыржан Жолмұхановтың айтуынша, оның басты ерекшелігі – банан пісіретін камерасы болып отыр. Мұнда тұтынушылардың сұранысына байланысты банан кезек-кезеңімен пісіріліп, уақытында нарыққа шығарылып отырмақ.

Мемлекет басшысы 2023 жылы Қазақстан мен Ресейдің XIX өңіраралық ынтымақтастық форумында сөйлеген сөзінде логистика және сақтау жүйелерінің кемшіліктеріне байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің жоғалуы 40 пайызға жететінін айтқан еді. Яғни өзге елден тасымалданып импорттық өнімді былай қойғанда, бізде өз елімізде өн-

діретін ауыл шаруашылығы өнімдерін уақытылы, ысырапсыз жинап алып, сақтауда шешім күткен мәселе жеткілікті. Мысалы 2024 жылдың аяғында елімізде 901 сақтау нысаны жұмыс істейтіні анықталды. Оның ішінде көкөніс қоймасы – 580 (жалпы сыйымдылығы 1 млн 186 мың тонна), картоп қоймасының саны – 257 (499,7 мың тонна), жеміс-жидек қоймасы – 67 (136,3 мың тонна) болды. Бұл маусымдық тұтынудан артқы өнімді сақтап қалуға қоймалардың мүмкіндігі өте шектеулі екеніне толық дәлел бола алады. Өйткені сол жылы елімізде 2,9 млн тонна картоп, 1,1 млн тонна пияз, 498 мың тонна қырыққабат, 474 мың тонна сөбіз жиналған болатын. Яғни көкөніс пен жеміс-жидектерді көктемге дейін сақтау үшін Қазақстанда картоп сақтау қоймаларының қуатын үш есе, жеміс-жидек сақтайтын қоймалары екі есе арттыру қажет. Сауда министрлігінің есебі бойынша, елімізде 2026–2030 жылдары сыйымдылығы 180 мың тонна болатын жаңа көкөніс сақтау қоймалары салынса ғана елдің қоймаларға деген қажеттілігі өтелуі мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## АЛТЫН КӨМБЕ

Адам өмірінде материалдық байлықтан да маңызды дүниелер бар. Солардың бірі – рухани құндылықтар. Рухани құндылықтар адамның ішкі дүниесін байытып, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Егер қоғамда рухани құндылықтар әлсізесе, адамдар арасындағы сенім мен сыйластық та төмендейді. Сондықтан оқу, үйрену, тыңдау, іздену, талаптану әрбір өзін құрметтейтін адамның басты бағыты болуы керек.

### РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МАТЕРИАЛДЫҚ БАЙЛЫҚТАН МАҢЫЗДЫ

Рухани құндылықтар – адамның ішкі дүниесін, адамгершілік қасиеттерін, мәдениеті мен дүниетанымын қалыптастыратын негізгі тірек.

Біздің қазақта: «Салқалы сана бер» – деген бата бар. Санадағы өзгеріс тұрмыстағы өзгеріс секілді көрініп тұрмағанымен, тұрмыстың түзуліне бірден-бір әсер ететін сол. Әсіресе қазақ қоғамында отбасы тәрбиесі мен салт-дәстүрлер арқылы рухани құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан рухани құндылықтарды нығайту бағытында түрлі мәдени және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Мысалы, ұлттық дәстүрлерді жаңғырту, мәдени фестивальдер өткізу, жастарға арналған тәрбиелік бағдарламалар қоғамның рухани дамуына ықпал етуде. Осындай бастамалардың басында – Рухани жаңғыру бағдарламасы тұр. Бұл бағдарлама ұлттық мәдениетті, тарихты және салт-дәстүрді дәріптеуге бағытталған.

Сонымен қатар халықтың бірлігін, татулығын көрсететін ұлттық мерекелер де рухани құндылықтарды қалыптастыруға әсер етеді. Соның ішінде 1 наурыз Алғыс айту күні, 14 наурыз Аман мейрамы, 22 наурыз Наурыз мейрамы ерекше орын алады. Бұл мерекелер адамдарды жақсылық жасауға, бір-біріне көмектесуге, татулық пен достықты нығайтуға шақырады.

Қоғамда қайырымдылық іс-шаралары мен волонтерлік қозғалыстар да кенінен дамып келеді. Мұндай әрекеттер адамдардың мейірімділік, жанашырлық сияқты қасиеттерін арттырып, қоғамда өзара көмектесу мәдениетін қалыптастырады.

Тағы бір маңызды мәселе – отбасылық тәрбиенің әлсіреуі. Сондықтан, рухани құндылықтарды насихаттау – білім беру жүйесінде, мәдени саясатта және қоғамдық өмірде, ата-ана мен баланың

ара қатынасында басты бағыттардың бірі болуы тиіс. Жастарды ұлттық мәдениетке, әдебиетке, тарихқа жақындату – рухани дамудың маңызды жолы.

Осы құндылықтарды насихаттау, ұрпақ бойына сіңіру барысында өткен ойшылдарымыз бен бүгінгі сарапшыларымыздың пікіріне тоқтала кетсек. Мысалы, қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы адамның кемелденуі оның рухани жетілуімен байланысты екенін айтқан. Ол өзінің қара сөздерінде адамды адам ететін қасиеттер – білім, ар-ұят, әділет және мейірім екенін атап көрсетеді.

Әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдолов рухани мәдениеттің қоғамдағы ролін ерекше атап өткен. Оның ойынша, әдебиет адамның ішкі дүниесін тәрбиелейді және адамды ізгілікке, әділеттілікке жетелейді. Ғалым әдебиетті «адам жанының көркем шежіресі» деп сипаттай отырып, рухани құндылықтардың мәдениеттің толық қалыптаспайтынын айтады.

Қазіргі күндері өз ортамызда, үлкен аудиторияларда өз тәлімін жүргізіп жүрген кәсіпкер, Instagram желісінде танымал белсенді бизнес-тәлімгер рухани даму және психология тақырыптарында контент жасаушы Айнұр Бектұрған ханым өз еңбектерінде рухани құндылықтарды ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Тәлімгер өзінің танымдық, психологиялық еңбегінде рухани мәдениетті дамыту үшін жастарды ұлттық әдебиетке, тарихқа және дәстүрлерге жақындатудың маңызы зор екенін атап өтеді. Ал әдебиет зерттеушісі Еркебұлан Дүйсембай да рухани құндылықтардың әдебиет пен мәдениет арқылы сақталатынын айтады. Оның пікірінше – көркем әдебиет халықтың рухани тәжірибесін, адамгершілік қағидаларын және өмірлік ұстанымдарын бейнелейтін ерекше құрал болып табылады.

Қорытындылай келе, рухани құндылықтарды сақтау, дамыту әр адамның міндеті. Ұлттық дәстүрді құрметтеу, мәдениетті дамыту, жастарға дұрыс тәрбие беру арқылы біз қоғамдағы рухани байлықты нығайта аламыз.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»



САРАП

Соңғы кездері Қазақстанда «Қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасы теңірегінде көп талқылау жүріп жатыр.

Әлбетте елімізде шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының айтарлықтай өзгеріске ұшырап жатқанын мойындауымыз керек. Сот жүйесі ізгілендіруге ұмтылғанымен, айқын «демократиялық» сипатына қарамастан, кейбір бастамалардың әділ төрелік туралы мәнге көлеңке түсіруі әбден мүмкін. Осындай даулы идеяның бірі – шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді қарау ісіне алқабилер сотын енгізумен байланысты.

## КӘСІБИЛІК ПОПУЛИЗМГЕ ҚАЙШЫ: НЕЛІКТЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ ІСІНЕ АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ ТИІМСІЗ?

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы өтініштерді қарауға алқабилер институтын енгізу туралы бастаманы зерттей келе, бұл модельдің тұжырымдамасы негізсіз әрі практикада қолдануда тәуекелі көп екенін түсінгендіктен, үлкен алаңдаушылық білдіріп отырмыз.

Біріншіден, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға алқабилер сотын қолдану бұл институттың құқықтық сипатына сай келмейді. Халықаралық және ұлттық тәжірибеде алқабилер сотының міндетіне адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін анықтау өкілеттігі берілген. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату және ЖЖА туралы өтініштер, керісінше, жазаның орындалуын тек құқықтық және криминалогиялық бағалауды талап етеді. Қылмыстық кодекстің 72-73-бабына сәйкес, сот қолданылған жаза мақсатқа жеткені және жеке тұлғаның түзелгені дәлелін тапқанын анықтауы тиіс. Бұл сұрақтарды бейтарап сот отырысына жіберу алқабилер сотының табиғатына қайшы келеді.

Себебі алқабилер сотының құзыреті – өткен қадамды зерделеуге бағытталған. Яғни, қазылар алқасы оқиғаны (болды ма, жоқ па?), әрекеттің жасалған уақытын, орнын және әдісін, сондай-ақ себеп-салдарлық байланысты анықтайды, куәгерлердің айғағымен, сараптамалық зерттеумен және дәлелдемелермен расталуы мүмкін деректерді талдайды, ал үкім шығарған кезде қазылар алқасы куәгердің өтірік айтып тұрғанын немесе шын айтып тұрғанын түсіну үшін өзінің «өмірлік тәжірибесін» пайдаланады.

Сотталған адамның мінез-құлқы, жұмысқа деген көзқарасы, өкіну дәрежесі және залалды өтеуіне қарап жазасын жеңілдетуге шешім қабылдаған жөн. Сонымен қатар, түзелгенін бағалау үшін тұлғаның бас бостандығынан айыру жылдарындағы түзелу динамикасын талдау қажет. Ал



Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» ҚБ төрағасы

сотталған адамды сот залында бір рет қана көрген алқабилердің бір процесс аясында тұлғаның физикалық түзелу динамикасын шынайы бағалауы мүмкін емес.

Сотталған адамды босатқан кезде қайта қылмыс жасау қаупін ескеру қажет. Ал қайта қылмыс жасау қаупі – ғылыми болжам. Кәсіби судья түрме әкімшілігінің сипаттамаларына, психологиялық профильдерге және статистикалық деректерге сүйенеді. Алқабилер, керісінше, интуицияға сүйенеді. Ал ол қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін саралауда сенімді дей алмаймыз.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер алқабилердің шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерінде «заң судьясы» бола алмайтынын анық көрсетеді, өйткені заңгерлік білімі жоқ алқабилердің «режимді ресми түрде сақтау» мен «нақты түзелуді» арасын ажыратуы қиын. Мұндай белгісіздік соттың белден басуына жол ашады. Соның салдарынан бір аймақта алқабилер аяушылықпен сотталушыларды жаппай ақтап жатса, екінші бір аймақта қылмыстың ауырлығы үшін кек алмақ болып қызметінен босатып жатады. Бұл сот тәжірибесінің бірқалыптылығына елеулі зиянын тигізеді.

Екіншіден, ұсынылған модель жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық мәртебесін айтарлықтай нашарлатады.

*Сотталған адамды босатқан кезде қайта қылмыс жасау қаупін ескеру қажет. Ал қайта қылмыс жасау қаупі – ғылыми болжам. Кәсіби судья түрме әкімшілігінің сипаттамаларына, психологиялық профильдерге және статистикалық деректерге сүйенеді. Алқабилер, керісінше, интуицияға сүйенеді. Ал ол қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін саралауда сенімді дей алмаймыз.*

Заң жобасында өтініштерді қарау мерзімін бір айдан үш айға дейін ұзарту ұсынылады. Бұл шешім қабылдау үшін сотталушының мерзімінен тыс негізсіз ұстауға жол ашады.

Жобада апелляциялық және кассациялық іс жүргізуде алқабилердің қатысуымен қабылданған шешімдерді қайта қарау негіздері мен тәртібі реттелмеген, бұл сот арқылы қорғалуға қатысты конституциялық құқықты бұзады. Балама алқабилер, олардың дауыс беру рәсімі және сот процесіне қатысушылардың құқықтары туралы ережелердің болмауы ұсынылған модельдің мәнін төмендетеді, ал бұл процедуралық вакуум сот шешімдерінің формальды негіздер бойынша сөзсіз күшін жоюға әкеледі.

Үшіншіден, «пилоттық жобаның» тек Қазақстанның төрт аймағында (Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары және Шымкент қаласы) енгізілуі заң алдындағы теңдік қағида-тын бұзып, құқықтық асимметрияны тудырады. Себебі, бірдей құқықтық мәртебесі бар азаматтар (сотталғандар) жазасын өтеу мерзімін географиялық орналасуына байланысты әртүрлі процессуалдық құқықтарға ие болады, мұның өзі Конституцияның 14-бабына тікелей қайшы келеді.

Келтеген заң мамандары бұл бастаманың экономикалық тұрғыдан тиімсіздігі мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыратынын да алға

тартуда. Өйткені, жобаны іске асыруда бастаманы әзірлеушілер есепке алмаған ауқымды бюджеттік қаражат (алқабилердің, қорғаушылардың жалақысы және көлік шығындары) қағаста болады. Сонымен қатар, «квази-тұрақты» алқабилердің құрылуы (қатысуы айына бір ретпен шектеледі) және төрағалық етушінің соңғы шешім үшін жеке жауапкершілігінің төмендеуі жаңа сыбайлас жемқорлық схемаларының пайда болуына жағдай жасайды.

Жобаны дайындаушылар қанша жерден жақтағанымен, ЭЫДҰ елдерінде (АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Франция) шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін психологтар мен криминалогтардың қатысуымен мамандандырылған кәсіби комиссиялар (шартты түрде мерзімінен бұрын босату кеңестері) шешеді. Ал жалпы халықаралық тәжірибеде шартты түрде мерзімінен бұрын босату мақсаттары үшін алқабилер институты қолданылмайтынын баса айтқан жөн.

Осы ретте Жоғарғы Соттың Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы, «ҚР Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің төн төрағасы Ә.Жүкенов шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім – қоғамдық қауіпсіздік мәселесі деп дұрыс айтқан. Расында да халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қайта қылмыс жасау ықтималдығын бағалау кездейсоқ азаматтар тобының интуитивті қабылдауына емес, ғылыми дәлелденген құралдарға (баллдық жүйелерге) негізделуі керек.

Осы жобаны талдай келе шартты түрде мерзімінен бұрын босату процесіне алқабилерді енгізу тұжырымдамалық хаос тудырады дегіміз келеді. Біз болашақты болжау мәселелерін (оңалту және қайта әлеуметтену) шешу үшін өткен шақ туралы шындықты анықтауға арналған құралды (алқабилер соты) пайдалануға тырысып жатырмыз. Мұндай тұжырымдамалық тұрғыдағы алмастыру алқабилер идеясының беделін түсіреді және босату туралы шешім қабылдау процесін болжауға келмейтіндей етіп, заңды логикадан алыстатады.

Яғни, бұл қадам әділеттілікті демократияландыру емес, керісінше, мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздік үшін кәсіби жауапкершіліктен бас тартып, болжауға келмейтін ұжымдық пікірге сүйенуін бекітеді. Сондықтан, біз ұсынылған модель ерте және тұжырымдамалық тұрғыдан қате деп санаймыз. Алқабилердің өкілеттігін кеңейтудің орнына, реформаның басым бағыттары мыналар болуы керек:

1. Сотталғандарды ақтау критерийлерін цифрландыру және объективтілендіру;
2. Қайта қылмыс жасау қаупін бағалау әдістерін әзірлеу үшін криминалогияның ғылыми мектебін дамыту (Ә.Жүкеновтің ұсыныстарына сәйкес).
3. Сот билігінің жеке қалауын сақтай отырып, судьялардың жеке жауапкершілігін арттыру.

ПАЙЫМ

## БАРЛЫҚ ӘРЕКЕТ ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ АТҚАРЫЛУЫ ТИІС

Жерге қатысты дау-жанжалда сот ҚР Конституциясын, Жер туралы, Азаматтық, Азаматтық процесік және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстердің нормалары мен іс жүргізу тәртібін реттейтін заңдарды басшылыққа алады.

Әкімшілік рәсімдік процесік кодекстің 129-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей, жауапкер әкімшілік актідегі негіздемелерге ғана сілтеме жасайды. Атқарушы орган жер учаскесіне құқық беру туралы өз шешімін онда көрсетілген талаптар орындалғанға дейін өзгертіп, жоюы мүмкін. Мемлекеттік тіркеуден өткен актінің күшін атқарушы орган жоя алмайды. Осы себепті, жерге құқық туралы туындаған дау сот тәртібімен шешіледі.

Мемлекеттік органдардың шешімдеріне, сондай-ақ, әрекетіне байланысты шағымдар қатарына жер учаскесін беру, тоқтату, мақсатын өзгерту, меншік иелерінің, сонымен бірге жерді пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын және өзге де мәселелер бойынша даулар жатады. Кей кезде заң талабына сай жоғарыда аталған кодекс шеңберінде сотқа дейінгі рәсімнен өту керек болады. Жер дауларына қатысты соттылық қағидалары Әкімшілік рәсімдік процесік кодекстің 102-106-баптарымен бекітілген.

Әкімшілік процесік даулы акті мен шешімді қабылдауға немесе әрекет пен әрекетсіздікке негіз болған мән-жайлардың дәлелдеу міндетін тиісті мемлекеттік орган не лауазымды адам көтереді. Осы норма жеке және заңды тұлғалар құқықтарын қорғауда тиімді саналады, себебі, азаматтарға қарағанда дәлелдемелерді ұсынуға мемлекеттік органдардың мүмкіндігі зор. Жер даулары барлық уақытта маңызды әрі өзекті саналады. Мысалы, мұндай істерде көбі-

несе басты мәселе әкімшілік актілерге дау айтуда, яғни, жер учаскесін беруден бас тарту, оның нысаналы мақсатын өзгерту немесе оны алып қоюға байланысты туындайды.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтініш ол келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралуы қажет. Бұлай болмаса әр адам өзі берген өтінішке тиісті шара көрilmесе, яғни, әкімшілік акт қабылданбай, ол бойынша жауап берілмей жатса осы отыз күн өткен соң сотқа жүгіне алады. Дау айту туралы талап қоюды сотқа шағымды қарайтын органның шешімі табыс етілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей беру керек.

Сотқа дейінгі тәртіп заңмен көзделмеген, сондай-ақ, шағымды қарайтын орган болмаған жағдайда талап қою әкімшілік актісі табыс етілген күннен бастап немесе осы кодекс пен ел заңнамасында белгіленген тәртіппен талапкер назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі. Талап қоюды беру уақытының тәртібі Әкімшілік рәсімдік процесік кодекстің 136-бабымен айқындалған. Осы тұста тоқталып өтерлігі, жер учаскесіне құқық Жер кодексінің 43-бабына сәйкес беріледі. Ал елдімекендерде объектілер салуға бөлінетін жер учаскесі осы кодекстің 44-1 және 44-2-баптарында қарастырылған.

Жер учаскелерін пайдалануға беру, оларды алып қою жөнінде Жер кодексінің 16, 17, 18, 19-баптарымен шешім қабылданған жағдайда жер-



Б.МОЛДАГАЛИЕВ, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

гілікті атқарушы органның өкілеттігі тексеріледі. Өйткені, мұндай мәселеде лауазымды адамның өз өкілеттігін асыра пайдалануы әбден мүмкін. Мұндай кезде акті Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін. Сонымен бірге жер учаскесінің орналасқан орны мен шекарасы анықталып, осы аумаққа кіретін жерлердің құқықтық құжаттар жан-жақты тексеріледі.

Тағы бір айтып өтерлігі, әкімшілік рәсімдер тәртібін сақтау, жер учаскелерін беру, оларға құқықтарды рәсімдеу, сонымен қатар, алып қою рәсімін жүргізу сынды процедураларды бұзу өз кезегінде сот шешімін заңсыз деп тануға негіз болады. Сондықтан, барлық әрекет заң шеңберінде атқарулы талап етеді. Жер дауларында бәсекелестік, адалдық және азаматтардың құқықтарын қорғау сияқты әкімшілік рәсім принциптері қолданылады. Жерге байланысты даулардың сот тәртібімен қаралуы тараптардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда, сондай-ақ, әділеттілікті қалпына келтіруде маңызды рөл атқарады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТІ АУҚЫМДЫ

Жеке сот орындаушылар институты сот шешімдерін сапалы орындау мақсатында тәжірибеге енгізілген болатын. Бұл бастама ең алғаш 2005 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы судьяларының IV съезінде көтерілген еді.

Осы ретте Францияның және бірқатар басқа елдердің тәжірибесі зерделеніп, жеке сот орындаушылардың моделі біртіндеп енгізілген болатын. Нәтижесінде, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы заң қабылданып, жеке сот орындаушыларының жұмысы бір арнаға түсті. Бүгінде бұл құрылым өзіне жүктелген үдеден шықты.

Жеке сот орындаушыларының негізгі міндеті сот шешімдерін сапалы, уақытылы орындау. Осы қызметті атқаруда мамандар борышкердің мүлкі мен шоттарын тәркілеу, активтерін тәркілеу, шетелге шығуына тыйым салу және борышкерлер мен олардың табыстарын іздеу жұмыстарын жүргізеді. Өзіне жүктелген қызметті атқаруда жеке сот орындаушылар заң шеңберінде әрекет етуі, борышкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі міндетті. Әрі қаншалықты қарыз көп болса да борышкерлерге психологиялық қысым жасауға рұқсат етілмейді.

Жеке сот орындаушылар атқарушылық құжат бойынша іс жүргізуді бастау туралы шешім шығаруға, орындау үшін ерікті мерзім беруге міндетті. Сондай-ақ қанша жерден



Данияр БАЙНЫШАНОВ, Алматы облысының жеке сот орындаушысы

уақыт қауырт болса да тек заң шеңберінде әрекет етуі тиіс. Мамандар дөрекіліктен, қорқытудан, қорлаудан, туыстарымен олардың келіссөзіс сөйлесуден аулақ болып, қызметкер табысының 50%-ынан аспайтын лимитін ғана ұстауға міндетті.

Міне осындай заңдылықтарды тек жеке сот орындаушылар ғана емес, қоғамдағы әрбір азамат білуі міндетті.

ЖАҒАНДЫҚ БІРЛІК

# КЕЛІСІМ МӘДЕНИЕТІ - ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Қоғам дамуының жаңа кезеңінде тек заңның сақталуы ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәдениеті де ерекше мәнге ие болуда. Келісім мәдениеті – әрбір азаматтың өзара түсіністік, сыйластық және жауапкершілік қағидаларын өмірде жүзеге асыру қабілеті. Ол тек әлеуметтік қатынастарда ғана емес, еңбек, бизнес, білім беру және құқықтық салаларда да өзекті. Келісім мәдениеті қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды факторы. Қақтығыстар мен жанжалдардың өсуі – бұл заманауи өмірдің табиғи құбылысы, бірақ оларды дұрыс басқару, бейбіт жолмен шешу және ортақ шешімге келу мәдениеті ғана қоғамдағы үйлесімділікті сақтай алады.



Келісім мәдениеті – дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, пікір таласта құрмет көрсету және ортақ шешімге жетуге ұмтылу мәдениеті. Заманауи қоғамда әртүрлі пікірлер мен мүдделер қақтығысы заңды жағдайға айналғандықтан, келісім мәдениеті адамдар арасындағы қарым-қатынасты тұрақты және тиімді етеді. Мысалы, жұмыс орнында әріптестер арасындағы түсініспеушілікті уақытында шешу, отбасында келіспеушілікті бейбіт жолмен реттеу немесе қоғамдық мәселелерде азаматтық диалог құру – келісім мәдениетінің нақты көріністері болып табылады. Бұл тек жеке адам деңгейінде ғана емес, институционалды деңгейде де маңызды, өйткені мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы диалог мәдениеті қоғамдағы сенімділікті арттырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында: «Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі» – деп атап өтті. Шындығында, заманғы қоғамның өзара келісімге келуіне негізделген. Сот іс-әрекеттерінен бастап әкімшілік және азаматтық құқықтық қатынастарға дейін келісім мәдениеті қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Құқықтық салада келісім мәдениеті медиация және бітімгерлік процедуралар, келісімшарттық қатынастар, сондай-ақ әкімшілік шешімдер қабылдау кезінде халықпен диалог жүргізу мәдениеті арқылы көрініс табады.

Келісім мәдениетін қалыптастыру жолдары көп. Біріншіден, білім беру жүйесінде конфликтология, медиация және этикет негіздерін енгізу маңызды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларға өз пікірін дұрыс жеткізу, басқа адамдардың көзқарасын құрметтеу дағдыларын үйрету қажет. Екіншіден, жұмыс орнында командалық жұмыс және конфликтті басқару дағдыларын дамыту үшін

тренингтер ұйымдастыру тиімді. Бұл корпоративтік мәдениетті нығайтып, қызметкерлердің бір-бірімен тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Үшіншіден, қоғамдық диалогты ынталандыру – азаматтық ұйымдар мен жергілікті билік арасында өзара пікір алмасуды кеңейту арқылы ашық қоғам құруға септігін тигізеді. Төртіншіден, медиация институтын дамыту дауларды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік береді, қоғамда сенім мен әділдікті нығайтады. Бесіншіден, құқықтық ақпарат пен сананы арттыру – азаматтарды құқықтық мәдениетке үйрету, заңдар мен нормаларды түсіндіру арқылы құқықтық сауаттылықты көтереді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, келісім мәдениеті тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің дамыған елдерінде де маңызды болып саналады. Мысалы, Скандинавия елдерінде қоғамдық даулар мен жұмыс орындарындағы конфликттерді медиация арқылы шешу тәжірибесі кең таралған. Бұл тәсіл сотқа жүгінуді азайтып, экономикалық шығынды төмендетеді. Көптеген дамыған елдерде келісім мәдениеті заңмен бекітілген стандарт ретінде қарастырылады, ал даулардың бейбіт жолмен шешілуі қоғамдағы сенімділіктің негізгі өлшемі болып табылады.

Келісім мәдениеті – бұл тек мінез-құлық нормасы емес, заманауи қоғамның өмірлік қажеттілігі. Азаматтардың өзара сыйластық пен жауапкершілігін арттыру арқылы ғана қоғам тұрақтылыққа, заң мен тәртіпке қол жеткізе алады. Әрбір адамда келісім мәдениетін қалыптастыру арқылы құқықтық мемлекет пен әлеуметтік әділеттілік идеялары нақты жүзеге асады. Келісім мәдениеті – қоғамның тұрақтылығы мен азаматтық жауапкершіліктің кепілі. Заманауи Қазақстан үшін бұл тек идея емес, күнделікті өмірдегі қажеттілік.

**Гүлмира КОБЕГЕНОВА,**  
з.ғ.м., аға оқытушы,  
**Ш.Есенов атындағы**  
**Каспий технологиялар**  
**және инжиниринг университеті**

БІЛГЕН ЖӨН

## ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Қазіргі әлемдегі геосаяси жағдай, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және қоғамдағы қауіпсіздік талаптарының артуы терроризмге қарсы күрестің маңыздылығын күшейте түсуде. Терроризмнің нақты актілерінен бөлек, террористік акт туралы жалған хабарламалар да қоғамға үлкен зиян келтіретін қауіпті құқық бұзушылық түріне айналған. Мұндай жалған ақпарат адамдардың өміріне тікелей қауіп төндірмесе де, қоғамдық тәртіпке, мемлекеттік ұйымдар жұмысына және халықтың психологиялық жай-күйіне елеулі нұқсан келтіреді.

Көптеген мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстан Республикасында бұл әрекет қылмыстық жауаптылыққа әкеледі. Мұндай хабарламалар қоғам үшін бірнеше бағытта қауіпті:

Біріншіден, жалған ақпарат адамдар арасында дүрбелең, қорқыныш және сенімсіздік тудырады. Стратегиялық маңызы бар нысандарда – әуежайларда, мектептерде, сауда орталықтарында немесе мемлекеттік мекемелерде – мұндай жалған хабарлама жаппай эвакуация, жұмыстың тоқтауы және адамдардың күйзеліс жағдайына түсуіне әкеледі.

Екіншіден, жалған хабарламалар мемлекеттік ресурстардың тиімсіз жұмсалыуына себеп болады. Полиция, арнайы жасақтар, құтқару қызметі, медицина мамандары оқиға орнына бағытталады.

Үшіншіден, жалған хабарлама қоғамда терроризм мәселесіне деген сенімсіздікті, ақпараттық хаосты күшейтеді. Жиі қайталанатын «жалған ақпараттар» азаматтардың қауіпсіздік жүйелеріне деген сенімін төмендетеді.

Қазақстан Республикасында терроризм актісі туралы жалған ақпарат тарату қылмыс ретінде танылып, қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Заң бойынша бұл әрекетке байланысты жауапқа тарту үшін:

- жалған ақпараттың әдейі таратылуы;
- оның терроризм актісі ретінде қабылдануы;
- қоғамға қауіптілік тудыруы жеткілікті.

Терроризм туралы жалған хабарлама жасауда нақты террористік мақсатының болуы шарт емес. Яғни, жарылғыш заттың шын мәнінде болмауы немесе қауіптің жоқтығы кінәлі адамды жауаптылықтан босатпайды.

Жазалардың түрлері қоғамға келтіретін зиян деңгейіне сай белгіленеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге



**Бек НҮРМЫРЗАЕВ,**  
Ақтөбе қаласының  
№2 сотының судьясы

бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жалған хабарламаның салдарынан эвакуация, әуе рейстерінің тоқтауы, жұмыс орындарының жабылуы сияқты оқиғалар орын алса, кінәлі адам миллиондаған теңге мөлшерінде залалды өтеуге міндетті.

Терроризм актісі туралы жалған хабарлама – қоғамға, мемлекетке және азаматтарға елеулі зиян келтіретін қауіпті қылмыс. Оның салдары материалдық, моральдық, психологиялық және ұйымдастырушылық шығындарға алып келеді. Сондықтан бұл қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктің қатаңдатылуы – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды құралдардың бірі. Жалған террорлық хабарламалардың алдын алу үшін құқықтық сауаттылықты арттыру, жастарға түсіндіру жұмысын күшейту және қоғамда жауапкершілік мәдениетін дамыту қажет.

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстанда донорлық мәселесі өлі де өзекті. Статистикалық деректерге үңілсек, Қазақстанда төрт жарым мыңнан астам адам донорлықпен қажет ағзаларды күтуде. Оның 106-сы бала. Дәрігерлердің мәліметінше, кей жағдайларда бір адамның ағзасы жеті адамның өмірін арашалай алатын көрінеді. Құқықтық, зиялы, зайырлы орта донорлықтың қалыптасуына, адам өміріне арашашы құбылыс екенін түсінді. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда, елде донорлар саны өскен.

## ДОНОРЛЫҚ ӨШУГЕ АЙНАЛҒАН ҮМІТТІ ҮРЛЕЙДІ

Дәрігерлердің мәліметінше, медицинадағы бұл мәселеге қоғам арасындағы көзқарас та әрқилы. Олар кей жағдайларда донорлыққа науқастың өзі келіскенмен, ағайын-туысы келіспей жататынын айтады. Алайда, заң бойынша, 18 жасқа толған немесе одан асқан, әрекетке қабілетті кез келген адам трансплантация жасауға өз ағзасының бір бөлігін алуға нотариалды түрде жазбаша келісім береді. Келісім бергеннен кейін де ол донор жан-жақты бүкіл медициналық тексерістен өтеді. Өйткені ағза тапсырғаннан кейін оның өзінің де өміріне аса қатты қауіп төнбеуі керек.

Қазақстан заңы бойынша тірі кезіндегі донордан ағзаны (оның бір бөлігін) ауыстырып салу туралы шешімді Этикалық комиссия қабылдайды. Комиссия барлық құжаттың дұрыстығына және ықтимал реципиент пен донор арасындағы генетикалық байланысқа көз жеткізеді.

Бұл мәселенің жан-жақты заңдық қыры «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте де толықтай айқын сараланған. Онда, кодекстің 209-бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес адамның ағзасын рұқсатсыз алуға, мәжбүрлеуге, сатып алу-сатуға тыйым салынады. Осындай тыйымдар әрекетке қабілетсіз, көмелетке толмаған, жеке басы анықталмаған, инфекция жұқтырған адамдарға да қатысты. Бұл тұрғыда, дәрігерлік бақылау да қатан. Заңды жауапкершілік пен кәсіби біліктілік, адами этика нормалары адам ағзасын алу мен беру мәселесінде жоғары деңгейдегі кәсіби сараптау мен анализдерге сүйенеді. Бұл тұрғыда Қазақстан медицинасы өзге елдермен салыстырғанда көп ілгері. Мәселен, жақында ғана Солтүстік Қазақстан облысында Денсаулық сақтау министрлігінің Трансплантаттау және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталығының үйлестіруімен донорлық процесс жүрген. Көпбейінді қалалық жедел медициналық жәрдем ауруханасына егде жастағы ер адам жедел миқан айналымының бұзылуымен жеткізіліп, көп ұзамай, реанимациялық іс-шараларға қарамастан, дәрігерлер миының өлімін тіркеді.

Дәрігерлердің білімді сарап, сауатты түсіндіру жұмыстарынан кейін туыстары қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа келісім берген. Трансплантаттау командалары мен санитариялық авиацияның қатысуымен ағзалар алынып, олардың арқасында ұзақ уақыт бойы республикалық күту парағында тұрған пациенттерге трансплантаттау кемегі

көрсетілді. Қайтыс болған адамның бауыры 51 жастағы бауыр циррозымен ауыратын ер адамға трансплантатталған. Сондай-ақ диабеттік нефропатия аясында дамыған V сатыдағы созылмалы бүйрек ауруы бар пациенттерге екі бүйрек: 1986 жылы туған әйелге және 2020 жылдан бері бағдарламалық гемодиализде жүрген 1978 жылы туған ер адамға беріліпті. Осылайша бір донор бірнеше адамға қуаныш сыйлады.

Денсаулық сақтау министрлігі дерегінше, қазіргі таңда Қазақстанда трансплантаттауды күту парағында 4,5 мыңнан астам пациент бар, олардың едәуір бөлігі бүйрек, бауыр және жүрек трансплантаттауына қажет етеді. Тек өткен жылдың өзінде қайтыс болғаннан кейінгі донорлардан 18 донорлық процесс жүргізіліп, өмірлік маңызды ағзаларды трансплантаттау бойынша 68 операция жасалған.

Донорлықтың, сондай-ақ ағзаларды немесе тіндерді трансплантаттаудың құқықтық негіздері «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің негізінде реттеледі. Мәселен, кодекстің 209-бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес адамның ағзасын мәжбүрлеп алуға, сатып алу-сатуға тыйым салынады. Кез келген азамат тірі кезінде мәйіттік донор болуға келісімін бере алады немесе бас тарта алады. Бұл медициналық мекеме немесе электронды үкімет порталы (egov.kz) арқылы жазбаша өтініш беру жолымен жүзеге асады. Өтініш денсаулық сақтау жүйесінің бірінші ақпараттық жүйесінде тіркеледі. Дәрігерлер сол арқылы қажет болған жағдайда адамның өз еркін білдіргені туралы деректерге жедел қол жеткізеді. Азаматтар кез келген уақытта жаңа өтініш беріп, өз шешімін өзгерте алады. Адам өміріне арашашы болу әркімнің өз қолында, өз жүрегінде.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



БАҒДАР

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен Ақарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстанның азаматы.

## АЛҚАБИГЕ ҮМІТКЕРЛЕР ҚАЛАЙ ІРІКТЕЛЕДІ?

Алқабиге кандидаттардың алдын ала тізімі – азаматтарды кездейсоқ таңдау рәсімін жүргізу үшін негіз болады, алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы немесе алдын ала қосалқы тізімі жасалады.

1. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне: алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар; сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

2. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жай-

лар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

3. Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен: қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар; өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар; 65 жастан асқан адамдар; діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі мен осы заңда белгіленген тәртіппен алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға сай келетін Қазақстан азаматтарының қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың дәлелсіз себептермен келмей қалуы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**Б.СУГУРОВА,**  
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы, сот отырысының хатшысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Қазіргі заманда ұлттық қауіпсіздік тек әскери немесе арнайы қызметтердің жұмысы ғана емес. Цифрлық технологиялар дамыған сайын қауіптің жаңа түрлері пайда болды: интернет алаяқтық, жалған ақпарат, қаржы пирамидалары мен киберқылмыс. Осындай жағдайда әр азаматтың құқықтық және ақпараттық сауаттылығы маңызды рөл атқарады. Сарапшылардың айтуынша, қауіпсіз қоғам қалыптастыруда мемлекетпен қатар қарапайым азаматтардың да жауапкершілігі зор. Осы тақырып төңірегінде Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат Сейфулла Шығыспен сұхбаттасқан едік.

Яғни, «мен тек жарнама жасадым» деп жауапкершіліктен құтылып кету бұрынғыдай оңай емес. Дегенмен бір маңызды мәселе бар: заң көбіне қылмыс жасалғаннан кейін іске қосылады. Ал адам ақшасынан айырылғаннан кейін оны толық қайтару әрдайым мүмкін бола бермейді. Сондықтан ең маңыздысы – сақтық. Егер біреу: өте жоғары табыс уәде етсе; қысқа уақытта оңай ақша табуға болатынын айтса; таныстарыңызды шақырсаңыз, қосымша бонус береміз десе, онда бұл қаржы пирамидасының белгілері болуы мүмкін. Мұндай ұсыныстарға аса мұқият қарау қажет. Ғаламтор заманы бір қызық парадокс тудырды: бұрын алаяққа жолығу үшін көшеге шығу керек еді, ал қазір алаяқтық адамның қалтасына сыйған телефон арқылы келеді. Сондықтан құқықтық сауат пен салқынқанды күмәншілдік кейде ең жақсы қорғанысқа айналады.

# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: ҚАРАПАЙЫМ АЗАМАТ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?



– Егер азамат алаяқтың құрбаны болса, бірінші кезекте не істеуі керек?

– Ең бастысы – уақыт жоғалтпау. Көп жағдайда адамдар ұялып немесе қорқып, полицияға бірден жүгінбейді. Бұл дұрыс емес. Неғұрлым ерте әрекет етсе, соғұрлым жағдайды шешуге мүмкіндік көбірек болады. Бірінші қадам – банкке хабарласу. Егер ақша банктік карта арқылы аударылған болса, азамат бірден банкке қоңырау шалып, картасын бұғаттауы керек. Бұл алаяқтардың қаражатты әрі қарай пайдалануына жол бермеуі мүмкін. Екінші маңызды қадам – барлық дәлелдерді сақтау. Мысалы, алаяқпен болған хат алмасу, скриншоттар, ақша аударымының түбіртегі, телефон нөмірлері немесе қолданылған сайттың сілтемелері кейін тергеу барысында қажет болуы мүмкін. Үшінші – полицияға арыз жазу. Ал егер жеке деректер, мысалы карта нөмірі, құпия кодтар немесе парольдер белгілі болып қалса, оларды бірден өзгерткен дұрыс. Сонымен қатар адам өзін кінәламауы керек. Қазіргі алаяқтар түрлі психологиялық тәсілдерді қолданады: адамдарды асықтырады, қорқытады, сенімге кіруге тырысады. Сондықтан мұндай жағдайға кез келген адам тап болуы мүмкін. Ең бастысы – сабыр сақтап, дер кезінде дұрыс әрекет ету.

– Азаматтар қандай заңдық қателікті жиі жасайды?

– Ең жиі кездесетін қателіктің бірі – құжаттарды оқымай қол қою. Көп жағдайда адамдар келісімшарттың мазмұнын толық оқымайды. Кейін мәселе туындағанда ғана «мен бұлай болады деп ойламадым» деп жатады. Екінші қателік – барлық мәселені ауызша келісу. Көп адам «келістік қой» деп ойлайды. Бірақ дау туындаған жағдайда ауызша келісімді дәлелдеу өте қиын.

Үшінші қателік – мәселені кеш шешуге тырысу. Кей азаматтар проблема пайда болған кезде бірден заңгерге немесе тиісті органға жүгінбей, уақыт өткізіп алады. Ал уақыт өткен сайын жағдайды шешу қиындай түседі. Тағы бір қателік – интернеттегі күмәнді кеңестерге сену. Кей адамдар нақты заңгерге жүгінудің орнына, әлеуметтік желідегі белгісіз кеңестерге сүйеніп әрекет етеді.

Сонымен қатар жеке деректерге немқұрайлы қарау

*Бірінші қадам – банкке хабарласу. Егер ақша банктік карта арқылы аударылған болса, азамат бірден банкке қоңырау шалып, картасын бұғаттауы керек. Бұл алаяқтардың қаражатты әрі қарай пайдалануына жол бермеуі мүмкін. Екінші маңызды қадам – барлық дәлелдерді сақтау. Мысалы, алаяқпен болған хат алмасу, скриншоттар, ақша аударымының түбіртегі, телефон нөмірлері немесе қолданылған сайттың сілтемелері кейін тергеу барысында қажет болуы мүмкін. Үшінші – полицияға арыз жазу. Ал егер жеке деректер, мысалы карта нөмірі, құпия кодтар немесе парольдер белгілі болып қалса, оларды бірден өзгерткен дұрыс.*

да жиі кездеседі. Көп адам банктік карта нөмірін, құпия кодтарды немесе құжат көшірмесін ойланбай жібере салады. Ал шын мәнінде мұндай әрекеттер үлкен мәселелерге әкелуі мүмкін. Өкінішке қарай, тағы бір күрделі мәселе бар. Кейбір адамдар адвокатқа жүгінудің орнына «таным арқылы мәселені шешеміз» деген белгісіз адамдарға сеніп қалады. Мысалы, біреу «мен бұл істі шешіп беремін», «бәрін реттеп қоямын» деп уәде береді де, белгілі бір ақша сұрайды. Адамдар соған сеніп, қаражат береді. Алайда көп жағдайда мәселе шешілмейді, іс сол күйінде қалады, ал берілген ақша қайтарылмайды. Сондықтан азаматтар бір нәрсені түсінуі керек: егер мәселе заңға қатысты болса, әсіресе қылмыстық іс болса, оны тек заң жолымен ғана шешуге болады. Мұндай жағдайда ең дұрыс шешім – бірден кәсіби адвокатқа жүгінуге. Өкінішке қарай, адамдар кейде мұны тым кеш түсінеді.

– Қарапайым азамат өз құқықтарын қорғау үшін қандай заңдарды білуі керек?

– Әрине, барлық заңды жаттап алу міндетті емес. Бірақ әр азамат негізгі заңдардың мазмұнын жалпы түсініп жүргені дұрыс. Ең алдымен, Конституцияны білу маңызды. Өйткені азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары осы заңда көрсетілген. Сонымен қатар Қылмыстық кодексті қандай әрекеттер қылмыс болып саналатынын түсінуге көмектеседі. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті көптеген айыппұлдар мен әкімшілік жауапкершілікке қатысты мәселелерді шешудің бұдан бөлек, Еңбек кодексі жұмыс істейтін азаматтар үшін маңызды, себебі ол қызметкердің құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Ал тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң күнделікті өмірде, яғни тауар сатып алу немесе қызмет алу кезінде қажет. Қазіргі уақытта тағы бір маңызды мәселе – жеке деректердің қауіпсіздігі. Әр азамат өзінің ЖСН нөмірін, банктік карта деректерін немесе құпия кодтарын бөгде адамдарға бермеуі керек.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БІТІМГЕР

# ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕМДЕГІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап халықара-лық аренада бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған сыртқы саясат жүргізіп келеді. Көпвекторлы қағидатқа негізделген өліміздің дипломатиялық бағыты, аймақтық қауіпсіздік, халықаралық ынтымақтастық және жаһандық бастамаларды қолдауға бағытталған. Осы арқылы Қазақстан халықаралық қауымдастықта сенімді серіктес әрі диалог алаңы ретінде танылып отыр.

Қазақстан әлемдік қауымдастықта бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше мән береді. Бұл орайда Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Қытай сияқты мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасты нығайта отырып, халықаралық дауларды шешудің бейбіт жолдарын қолдау арқылы өз ұстанымын көрсетіп отыр. Мысалы, 2022 жылдың қазан айында Украинадағы қақтығысты шешу мақсатында Қазақстан бейтарап бітімгерші ретінде халықаралық алаңдардағы пікірталастарға қатысып, дипломатиялық миссиялар жүргізді. Сонымен қатар Орта Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінде, атап айтқанда Ауғанстандағы гуманитарлық дағдарысты шешуде белсенділік танытып, бітімгерлік күш-жігер көрсетті. 2023 жылғы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан БҰҰ-ның 5 бітімгершілік миссиясына қатысып, аймақтағы тұрақтылықты қолдауға үлес қосыпты. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанның осындай бейтараптығы аймақтық қақтығыстарды шешу жолындағы делдалдық рөлін тиімді ете түседі.

Бұл ретте еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік операциялары аясында түрлі миссияларға қатысып, әлемдегі тұрақтылықты сақтауға үлес қосуда. Нақты деректерге сүйенсек мәселен, 2024 жылы Қазақстан алғаш рет дербес әскери контингентін Біріккен Ұлттар Ұйымының әскерді ажыратуды бақылау жөніндегі күштері миссиясына жіберді. Бұл миссия Таяу Шығыстағы Голан жоталары аймағында орналасқан ескерді Израиль мен Сирия арасындағы атысты тоқтату режимінің сақталуын бақылауға бағытталған. Еліміздің БҰҰ мен халықаралық ұйымдар аясындағы бітімгершілік миссияларында да өз орны бар. Еліміздің дипломаттары Күрдістан, Африкадағы даулы аймақтар, БҰҰ миссиялары сияқты жобаларға да қатысып, өз тәжірибесін бөлісіп келеді. 2017 жылы Қазақстан «Бейбітшілік үшін қадамдар» халықаралық конференциясын ұйымдастырып, аймақтық қақтығыстарды шешу мақсатындағы халықаралық диалогтың өрбуіне қолдау көрсетті.

Қазақстан халықаралық жанжалдарды дипломатиялық жолмен шешуге арналған келіссөз алаңдарын ұйымдастыруда да маңызды рөл атқарып келеді. Мәселен, Астанада Сириядағы жағдайды реттеу мақсатында өткен халықаралық келіссөздер халықаралық дипломатияда Астана процесі деген атаумен белгілі болды. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның бейтарап әрі теңгерімді саясаты елдің халықаралық диалог алаңы ретіндегі беделін арттыра түсті.

Сыртқы саясат тек қауіпсіздікпен шектелмейді, сонымен бірге экономикалық және экологиялық ынтымақтастықтың дамуын да қамтамасыз етуге де бағытталады. Бұл тұрғыда Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШҰҰ) мен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) арқылы аймақтық сауданы дамытуға үлес қосып

келеді. 2023–2025 жылдары еліміз көміртекті бейтарап болу стратегиясын жүзеге асырып, климаттық келісімдерге белсенді қатысты.

Қазақстан халықаралық аренада «құқықтық мемлекет, бейтарап делдал» ретінде беделін нығайтуға да бас мән беруде. Бұл тұрғыда еліміз Астана мен Алматыда халықаралық конференциялар мен саммиттер өткізу арқылы дипломатиялық платформаны дамыта түскенін айрықша атап өту керек. Қазақстанның халықаралық саясаттағы маңызды бастамаларының бірі – ядролық қарусыздану. Еліміз Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларды белсенді түрде қолдап келеді. 1991 жылы ел аумағында орналасқан Семей ядролық сынақ полигоны жабылып, әлемдегі ең ірі ядролық сынақ алаңдарының бірі өз жұмысын тоқтатты. Тәуелсіздік алған кезеңде Қазақстан Ядролық қару саны бойынша әлемде төртінші орында тұрған еді. Соған қарамастан, мемлекет ядролық арсеналдан өз шіркімен бас тартып, әлемдегі бейбітшіліктің сақталуына мүдделілігін танытты.

Еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бейбітшілікті қолдау миссияларындағы орны айрықша. Бүгінде Қазақстанның бейтараптығы мемлекеттің Әлемдік дипломатиядағы сенімді делдал ретіндегі позициясын күшейтті. 2020 жылдардағы COVID-19 пандемиясы кезінде де гуманитарлық көмек көрсету, медициналық ресурстарды жеткізу сияқты халықаралық бастамалары елдің жаһандық сипаттағы жауапкершілігін көрсетті.

Қазақстанның сыртқы саясаты әлемдік үрдістерге икемді, бірақ бейбітшілік, бітімгершілік, экономикалық және экологиялық ынтымақтастық принциптеріне негізделген. Елдің дипломаттары әлемдік қақтығыстарды шешу, гуманитарлық көмек көрсету, экономикалық байланыстарды нығайту арқылы мемлекеттің халықаралық беделін арттырады. Бүгінде тәжірибе көрсеткендей, аймақтық бейтараптық және жаһандық бастамаларды қолдау – бұл тұрақтылық пен дамуды нығайтуға маңызды әрі нәтижелі шара.

Төктерін айтқанда, Қазақстан сыртқы саясатта теңгерімді және прагматикалық бағыт ұстанады. Соның арқасында еліміз әлемнің жетекші мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдарымен өзара тиімді әріптестік қатынастар орнатты. Бұл бағыт Қазақстанға экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, халықаралық инвестициялар тартуға және геосаяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың айтуынша, көпвекторлы дипломатия қазіргі күрделі халықаралық жағдайда ұлттық мүддені қорғаудың тиімді тетігі болып отыр. Сонымен қатар бұл ұстаным Қазақстанның жаһандық саясаттағы жауапты мемлекет ретіндегі рөлін айқындайды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»



## ЖЕМҚОРЛЫҚ

### КЕСЕЛДІҢ САЛДАРЫМЕН КҮРЕСКЕН ТИІМДІ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап-ақ сыбайлас жемқорлықпен кешенді түрде күрес жүргізіп келеді. Осы күнге дейін атқарылған жұмыстар ауқымды болғанымен, сыбайлас жемқорлықпен күресте айтарлықтай жетістіктерге жеттік деп айтуға әлі де ерте.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті пәрменді етуде 2015 жылдан бастап қолданысқа енген жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Қылмыстық кодекстердің рөлін айта кеткен жөн. Бұл кодекстерде жемқорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар мейлінше нақтыланған және жаза тағайындаудың тетіктері қарастырылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 34-тарауы алты баптан тұрады, атап айтқанда жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы бергені, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алғаны, заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы бергені, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін және заңсыз кірістер алған үшін, мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде шаралар қолданбағаны үшін және бұрын сыбайлас қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдағаны үшін әкімшілік

жауаптылық қарастырылған. Кодексте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық айтарлықтай күшейтілген, атап айтқанда жазаның негізгі түрі айыппұлдардың мөлшері өскен.

Сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін де жауаптылық айтарлықтай жоғары. Қылмыстық кодекске сәйкес жемқорлық қылмысын жасағандарға шартты түрде жаза қолдануға тыйым салынған. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған лауазымды адамдарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыру қосымша жазасы қарастырылған.

Жемқорлықпен күрес қарқынды болу үшін кешенді іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде кеселдің салдарымен емес, оны болдырмау тетіктерін қарастыру күн тәртібінде тұр. Бұл іс-шараларды іске асыруға мемлекетіміздің қуаты да, халқымыздың жігері де жетеді.

**Т.ТОҚТАРБЕКОВ,**  
Зайсан ауданы  
сот әкімшісінің басшысы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ОҢ ҚАДАМ

Цифрлық дәуір адамзат өмірінің барлық саласына өзгеріс енгізіп жатыр. Экономика, білім беру, денсаулық сақтау жүйесі ғана емес, мемлекеттік басқару саласы да технологиялық жаңғыруды бастан өткеруде. Әсіресе, жергілікті мемлекеттік басқару органдары үшін жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын енгізу – уақыт талабы. Бұл – жай ғана жаңа технология емес, басқарудың сапалы жаңа моделіне көшу.

### ЖИ АЛГОРИТМДЕРІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖЕДЕЛДЕТЕДІ



Қазақстанда жергілікті басқару жүйесі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі буын болып табылады. Қазіргі таңда әкімдіктер күн сайын мыңдаған өтініш қабылдайды, бюджет шығыстарын жоспарлайды, инфрақұрылым жобаларын үйлестіреді. Бұл – үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуді талап етеді. Жасанды интеллект осындай деректерді жылдам талдап,

нақты болжам жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, көлік кептелісін азайту, коммуналдық қызметтерді оңтайландыру немесе әлеуметтік көмекті нақты мұқтаж азаматтарға бағыттау үшін деректерді дәл өңдеу қажет. ЖИ алгоритмдері осы процестерді автоматтандырып, шешім қабылдауды жеделдетеді.

Бүгінде Астана мен Алматы қалаларында «ақылды қала» элементтері

енгізіліп келеді. Бейнебақылау жүйелері, интеллектуалды көлік басқару, онлайн қызмет көрсету платформалары – мұның барлығы жасанды интеллект негізіндегі шешімдерге сүйенеді.

Жергілікті басқарудағы басты міндет – халыққа сапалы әрі жедел қызмет көрсету. Осы тұрғыда цифрлық платформалардың рөлі ерекше. eGov.kz порталы арқылы көптеген мемлекеттік қызметтер онлайн форматқа көшірілді. Ал жасанды интеллект негізіндегі чат-боттар мен виртуалды кеңесшілер азаматтар сұрағына тәулік бойы жауап беріп, өтініштерді автоматты түрде тіркей алады. Бұл әкімдік қызметкерлерінің жүктемесін азайтып қоймай, адам факторынан туындайтын қателіктерді де төмендетеді.

Жасанды интеллектті енгізудің тағы бір маңызды артықшылығы – ашықтық. Деректерді автоматты түрде талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау, мемлекеттік сатып алуларды талдау, жобалардың орындалуын қадағалау – мұның барлығы цифрлық бақылау жүйелері арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Дегенмен, жасанды интеллектті енгізу барысында бірқатар мәселелер туындайды. Дербес деректердің қауіпсіздігі, кибершабуыл қаупі, цифрлық сауаттылық деңгейінің әрқелкілігі – басты назарда болуы тиіс. Сондықтан ЖИ жүйелерін енгізу тек техникалық мәселе емес, құқықтық және этикалық жауапкершілікті де талап етеді.

**Әсел БОРАНБАЙ,**  
«Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Менеджмент» кафедрасының  
оқытушысы

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Vention Solutions» ЖШС (БСН 241040019458) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050060, Еділ Ерғожин көшесі, 27-ғимарат.

3. «Capital Export LTD» ЖШС (БСН 160440019402) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 42-үй, 426-пәтер, тел. 87789318883.

4. «DiNastY» ЖШС (БСН 160140025218) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сауран көшесі, 76-үй, 60-пәтер, тел. 87772571974.

5. «Эмпайр АвтоТрейд» ЖШС (БСН 171040031674) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы ауданы, Саран шоссесі көшесі, 8/3 құрылыс.

6. «АлтынАрай» ЖШС (БСН 170740016506) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ө.Байқоңыров көшесі, 110А ғимарат.

8. «AsAm Flowers» ЖШС (БСН 241240024065) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Бәйтерек ауданы, Шапово ауылы, Абылай Хан көшесі, 1-үй.

15. «Зан жолы» ЖШС (БСН 030840000896) (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Думан-2 шағынауданы, 57-үй, 73-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Халиуллин көшесі, 104/3 үй, тел. +7 701 782 00 70.

16. «ЭД-ЕР-РАС» ЖШС (БСН 251140019255) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Әйтеке би көшесі, 25-үй. Тел. 8 705 882 49 53.

19. «Казвзрывпром» ЖШС (БСН 110340013916) (Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Аимбаев көшесі, 1Е үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алға қаласы, Папаев көшесі, 23-үй, тел. +7 708 687 0851.

20. «Строительный рынок «АЛТОЛ» ЖШС (БСН 041240012406) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Мамай батыр көшесі, 99А үй, 46-пәтер, тел. 87084672501.

21. «Asaad» ЖШС (БСН 230540018057) өз қызметін әрі қарай жалғастыруға коммерциялық қызғушылықтың жоғалуына байланысты таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Еркемов көшесі, 18-үй, 4-пәтер. Тел. +7 775 071 25 55

23. «АДИНА-МЕД» ЖШС (БСН 230440035231) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауылдық округі, Қараспан ауылы, С.Байболатов көшесі, 1-үй, индекс 160606.

24. «ДанаЛогистик» ЖШС (БСН 180640016250) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Орал қаласы, Сундеткалы Ескалиев көшесі, 182-үй, 69-пәтер, тел. +7 701 657 3951.

### ӘРТҮРЛІ

22. «Baiterek Venture Fund» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 140740011216) жалғыз қатысушы қабылданған шешімге сәйкес жарғылық капиталдың 7 500 000 000 (жеті миллиард бес жүз миллион) теңгеге азайтылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимараты. Тел. 8 (7172) 55-42-22.

### МҰРАГЕРЛІК

10. 18.09.1995 жылы қайтыс болған Жайдырханов Әбдрасілдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

11. 22.06.2019 жылы Коспанова Жексенкульдің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанақұлова-ның (мемлекеттік лицензия №15022542, 28.12.2015 жылы берілген) кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер. Тел. 87059612201.

12. 21.08.2025 жылы қайтыс болған Мамбетов Мұхтар Әнуарұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

13. 2025 жылдың 18 қазанында қайтыс болған Акбергенов Ахтай Бахтаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан мекенжайдағы жеке нотариус А.Есимхановқа хабарлауыңыз қажет. Тел. 8 701 474 35 02.

14. 16.11.2025 жылы қайтыс болған Оңғарова Бибісара Наурызбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

17. 17.01.2026 жылы қайтыс болған Жаксылықова Сарсенкуль Дуйсековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

18. 04.10.2025 жылы қайтыс болған Баймаханбетов Таир Айтұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

### БАНКРОТТЫҚ

7. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өндірісінде «TRATAN GROUP» ЖШС-ін (БСН 080340011901) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қаралуда. Байланыс телефоны: +7-777-109-88-88.

### ЖОҒАЛТУ

9. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Өскемен қаласындағы филиалының (БСН 240841011965) жоғалған ережесінің түпнұсқасы, жарамсыз деп танылсын.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ**

# СОТ ШЕШІМІН ДЕРЕУ ОРЫНДАТУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Заңды күшіне енген сот актілерін орындау бұлжымас міндет. Заңға бой ұсынбағандар тиісті жауапкершілік арқалайды. Біз бұл мәселеде Азаматтық процесстік кодекспен айқындалған дереу орындалуға жататын сот шешімдеріне тоқталамыз. Өйткені, көпшілік сот шешімдерін заңмен көзделген тәртіпте тез арада орындатуға болатынын біле бермейді. Сондықтан, олар өз құқығы мен мүддесін сот арқылы қорғауда заңмен берілген осы мүмкіндікті пайдаланғаны абзал.

жойылған жағдайда шешімнің орындалуын бұруды қамтамасыз етуді талап ете алады» деп нақтыланған. Соттың дереу орындалуы тиіс шешімі бойынша атқару парағы ол шығарылған соң ертеңгі жұмыс күнінен кешіктірілмей орындауға жіберіледі.

Сот шешімін дереу орындауға жіберу ол қабылданған сәтте шешілмеген жағдайда бұл мәселе сот отырысында қаралады. Бұл жөнінде іске қатысушыларға хабарланады. Бірақ, олардың келмеуі аталған мәселені шешуге кедергі келтірмейді. Яғни, сот шешімін дереу орындауға жіберу туралы мәселе қарала береді.

Шешімді дереу орындау туралы шығарылған соттың ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым беру немесе оған прокурордың өтініш хат келтіру мүмкіндігі заңмен қарастырылған. Мұндай жағдайда осы ұйғарымның орындалуы тоқтатыла тұрады. Соттың заңды күшіне енген шешімдері орындалғанда ғана құнды. Сондықтан, соттың әрбір шешімі мен үкіміне, қаулысына құрметпен қараған жөн.

**Нұрлан НУРАЛИНОВ,**  
Алматы ауданының  
№2 сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Мәселен, аталған кодекстің 243-бабының 11-бөлігі дереу орындалуға жататын сот шешімдеріне және олардың орындалу тәртібіне арналған. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек, алименттік төлемдер мен жұмысынан заңсыз шеттетілген қызметкердің үш айдан аспайтын жалақысы, сондай-ақ, жұмысқа қайта орналастыру, денсаулыққа зақым келтірген және асыраушысынан айырылуға қатысты зиянды өтеу, ереуілді заңсыз деп тану туралы шешімдер дереу орындалуға жатады.

Асыраушысынан айырылуына қатысты мәселеде келтірілген зиян алғашқы үш айда ғана дереу орындалуға жататынын ескерген жөн. Бұған қоса республикамыздың және шет елдердің аумағында экстремистік, террористік әрекеттермен айналысатын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану, оның өз атауын өзгертенін анықтау, Қазақстан азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, берешекті қайта құрылымдау, борышкерді банкрот деп тану туралы, сонымен бірге осы баппен белгіленген өзге де сот шешімдері дереу орындалуы талап етеді. Осыған қатысты істерде талап арыз қанағаттандырылған жағдайда шешімнің қарар бөлігінде сот шешімінің дереу орындалуы міндет екені көрсетіледі.

Сот шешімді қандай жағдайда дереу орындауға жібереді десек, бұл норма 244-бапта жазылған. Егер талап қоюшы шешімнің дер кезінде орындалмау салдары өзі үшін елеулі нұқсан келтіретінін жазып өтініш білдірсе, соның негізінде сот шешімді дереу орындауға жіберуге құқылы. Бұл туралы осы баптың 2-бөлігінде «шешімді дереу орындауға жол берілген кезде сот талап қоюшыдан сот шешімінің күші

жөнінде іске қатысушыларға хабарланады. Бірақ, олардың келмеуі аталған мәселені шешуге кедергі келтірмейді. Яғни, сот шешімін дереу орындауға жіберу туралы мәселе қарала береді.

**ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ**

«Ұлттық тұтынушылар лигасы» республикалық қоғамдық бірлестігінің көмегімен азаматтардың 2 854 700 000 теңгесі қайтарылды. Бұл 2025 жылдың 24 ақпаны мен 2026 жылдың 24 ақпаны аралығында көмек сұрап келгендердің өтінішімен жасалған. Бірлестік президенті Светлана Романовскаяның айтуынша, бір жыл ішінде 11 800 азамат кеңес алуға жүгінген. Олардың шағымдарының 34 пайызы техника және электроникаға; 14 пайызы жиһаз, тұрмыстық бұйымдар мен құрылыс материалдарына; 11 пайызы медициналық бұйымдар мен дәрілік заттарға қатысты болған.

# АЗАМАТТАРДЫҢ 2,8 МЛРД ТЕҢГЕСІ ҚАЙТАРЫЛДЫ



– Заңға қарама-қайшы іс-әрекеттер Қытай медицинасына қатысты көп болып отыр. Олар ешқандай лицензиясыз, сертификатсыз, кәсіби мамандарсыз медициналық қызмет көрсетеді деп айтылады. Ол іс-әрекеттерге заңнамада ешқандай құқық берілмеген. Инсмен емдеу, фитотерапия, фитотерапиямен емдеудің барлығы тұтынушылардың құқығын бұзатын іс-әрекеттер деп айтуға болады, – дейді «Тұтынушылар құқығы» РҚБ төрағасының орынбасары Нұржан Мақсатов.

Қытай медицинасына қатысты шағымдардың көбеюі ақпан айында Парламент төрінде де көтерілген болатын. Онда Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың атына арнайы сауал жолдаған еді. Онда «Шығыс медицинасы», «қытай медицинасы» атауымен қызмет көрсететін орталықтарға қатысты азаматтардан көптеген шағым түскенін алғартқан.

«Кейбір орталықтар қысқа мерзімге ашылып, атауын немесе мекенжайын өзгертіп, бақылаудан жалтарып жатады. Әсіресе тегі, тамыры белгісіз, өзін білікті дәрігер ретінде жарнамалаған Қытай Халық Республикасының азаматтары төрт-бес ай халықты емдеген болып сеніміне кіріп, артынша емдеу орталығын жауып, қалтасын қампайтқан соң кетіп қалуды әдетке айналдырған. Бұл жағдайлар пациенттердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірді, денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімді әлсіретеді», – деген Аманжол Әлтайдың сауалына бірқатар әріптестері қолдау білдірген.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

Депутаттың ұсынысына берген

**ПӘРМЕН**

Жалған дәрі, сапасыз медицинадан тұтынушылар жиі зардап шегеді. 2025 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетіне 10-нан астам өтініш түсті. Оның ішінде 4 өтініш бойынша (Алматы қ., Қостанай облысы, БҚО, ШҚО) Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар құқық қолдану практикасын талдау, тауарларды еркін өткізу және қашықтан сауданың дамуына байланысты, тіркелмеген дәрілік заттар (ДЗ) мен медициналық бұйымдардың (МБ), оның ішінде интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер мен маркетингтік арқылы заңсыз айналымның өскенін көрсетеді.

Тіркемеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізіп,

# ТІРКЕЛМЕГЕН ДӘРІЛЕРДІ ЖАРНАМАЛАУҒА ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ



сақтағандарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 426-бабының 3-бөлігі бойынша жауаптылық қарастырылған. 2024 жылы жалпы сомасы 31 144,4 мың теңгеге 51 әкімшілік іс қозғалып, әкімшілік айыппұл салынған.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі 2025 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігіне тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар туралы маркетингтік ресурстар, интернет-ресурстарға, блогерлерге орналастырылған ақпаратты жоюға қатысты 20-дан астам ақпараттық хат жолдалды. 2026 жылы осындай 128 интернет-ре-

сурса қолжетімділікті шектеу туралы ақпарат жіберілді. Былтыр 5423 жарнама таратушы қамтылса, оның ішінде 4927 интернет ресурстар (Instagram, Facebook, YouTube және т.б.) және 496 бұқаралық ақпарат құралдары бар.

Биологиялық белсенді қоспаларды жарнамалауда ортақ қағидалы бұзғандарға тосқауыл қою мақсатында құзырлы министрлікке 11 хат жіберілген. Соның нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Meta» компаниясы Instagram-дағы 9 бейінді парақшаны жойған.

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ**

# ӨРТТЕН КЕЛЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫН АЗАЙДЫ

Өрт – тілсіз жау. Айтып келмейтін бұл апаттың алдын алу жұмыстары жүргізілмейтін болса, оның салдары өте ауыр болады. Мәселен, жыл басынан бері Жамбыл облысы аумағында 104 өрт оқиғасы тіркелген. Одан екі адам өртүрлі жарақат алып, бір адам көз жұмып отыр.

Ал өрттен келген материалдық шығын көлемі 10,2 млн теңгені құрады. Былтырғы сәйкес кезеңде 117 өрт болып, бір адам жарақаттанып, бір адам көз жұмып, материалдық шығын көлемі 10,7 млн теңгенен асқан болатын.

Жамбыл облыстық Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының

бастығы Дархан Қалдарбектің айтуынша, биыл тұрғын үй секторында орын алған өрттер саны – 69, автокөліктегі өрттер саны 35 болып отыр. Өрттердің басты себебі электр қондырғыларының шамадан тыс жүктелуі, яғни электр сымдарының қысқаша тұйықталуы мен тұрғындардың отқа абайсыз болуынан орын алып отыр.



Өрттің алдын алуда үгіт-насихат жұмысының маңызы зор. Облыс бойынша әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және мүгедектері бар 2980 тұрғын үй тізімі нақтыланған. Бұл тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, 100 пайыз улы және табиғи газды анықтау датчиктері орнатылды. Сонымен қатар, жылыту маусымы

басталғаннан бері 3 өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілді.

«Айлық барысында тұрғын үй секторындағы өрттер мен улы газдан улану оқиғаларының алдын алу мақсатында, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту арқылы түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі айлығын өткізу кезінде мамандар 12586 тұрғын үйді аралап шықты. Жылыту маусымында өрт шығындарының алдын алу үшін 65624 азаматқа нұсқаулық берілді. Жылыту пештерін, электр қондырғылары пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша 62780 адамды қамтыған 697 жиын ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қауіпсіздік шаралары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында 1568 материал жарияланды», – дейді Дархан Өскенбайұлы. Оның сөзіне қарағанда, департаментте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтарға кеңес беру және ақпараттандыру үшін «Желде желі» іске қосылған.

**Нұрсана ҚАНАҒАТҚЫЗЫ,**  
ҚазҰУ журналистика факультетінің  
4-курс студенті

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы  
87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklama@astana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6565 дана**  
**Апталық таралым 13130 дана**  
Тапсырыс №38 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31